



## ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

Халықтың әл-ауқатын арттыру және тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы ретте аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Айшабибі ауылында жаңадан салынған тұрғын үйдің кілттерін 10 отбасыға табыстады. Салтанатты жиында өңір басшысы тұрғындарды жаңа қоныстарымен құттықтап, жүрекжарды лебізін жеткізді.

Аружан КҮНТУБАЙ

– Бүгінгі қуанышты күн – баршамыз үшін маңызды мереке. Баспаналы болу – әрбір отбасының басты арманы. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау алдағы уақытта да жалғасын табады. Жаңа үйлеріңіз құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, бірлік пен ынтымақ тілеймін, – деді Ерлан Қыдыралыұлы.

Мемлекеттік қолдау аясында «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған бағдарламалар



негізінде Жаңа құрылыс көшесінде орналасқан I және 3 бөлмелі 13 тұрғын үй өз иелеріне табысталды. Сонымен қатар, ауылдағы 10 отбасы жаңа баспанаға ие болды.

Жаңа үйлер, ең алдымен, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілді. Олардың қатарында жетім балалар, II топ мүгедектігі

бар азаматтар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған және толық емес отбасылар бар. Бұл шаралар тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында жүзеге



асырылуда. Бағдарлама бойынша аудан көлемінде әлеуметтік осал топтарға арналған жалға берілетін 180 пәтер сатып алынған. Оның ішінде 120 пәтерлі бес қабатты тұрғын үй және 60 пәтерлі бір қабатты, екі пәтерлі үйлер қарастырылған. Осылайша, аудан тұрғындарына әлеуметтік қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар нақты нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Айта кету керек, өткен жылы Аса ауылындағы Қойгелді және Жаңа құрылыс көшелерінде орналасқан 40 тұрғын үй пайдалануға берілген болатын. Ал биыл тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды қолдау мақсатында кезектілік тәртібімен аудан бойынша 23 азамат баспана кілтін иеленіп отыр. Алдағы уақытта тағы 139 баспана өз иелеріне табыды деп жоспарлануда.

Жаңа қонысқа кірген Салтанат Ағыбаева өз әсерімен бөлісіп, қуанышын жеткізді.

– Бұл күнді біз көптен күттік. Бүгін өз үйіміздің кілтін алып, үлкен қуанышқа бөленіп отырмыз. Осындай мүмкіндік жасаған мемлекетке алғысымыз шексіз. Енді өз шаңырағымызда балаларымызбен бірге бақытты өмір сүреміз, – деп ризашылығын білдірді.

### БӘРЕКЕЛДІ!

Шаңырақтың жылы шуақты сәулесі секілді әр баланың бойындағы шығармашылық қабілет те ерекше жарқырайды. Жуырда ауданда ерекше білімді қажет ететін балалардың өнерге деген құштарлығын шыңдап, шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетуге арналған тағылымды шара өтті.

*Өнерге қанат бітірген  
Мұхаммеддин*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық-әдістемелік орталығының бастамасымен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруында Республикалық музыкалық шығармашылық «Біздің таланттар» атты байқауы жоғары деңгейде өтті.

Бұл додаға ауданның әр түкпірінен келген ерекше білімді қажет ететін балалар, мектептердің арнайы сыныптары мен инклюзивті топтарының шәкірттері қатысты. Сондай-ақ, іс-шараға аудандық білім бөлімі мен мектеп әкімшіліктерінің өкілдері, педагогтар, ата-аналар және мәдениет саласының мамандары келіп, жас өнерпаздарға қолдау көрсетті. Қатысушылар сахнада өздерінің вокалдык, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін паш етіп, көрермендерді өнерге деген шынайы сүйіспеншілігімен тәнті етті.

Байқау қорытындысы бойынша жас өнерпаз Мұхаммеддин Досым «Бармағынан бал тамған» номинациясы бойынша өзгелерден оза шауып, байқау жеңімпазы атанды.

Аталған байқау ерекше білімді қажет ететін балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, оларды қолдау және қоғамға бейімделуіне жол ашуға бағытталды. Бұл сайыс әр баланың бойындағы қабілетті дамытуға жағдай жасап, арнайы білім беру әдістерін тиімді қолдану, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және балалардың өзіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік берді.



Динара ТҮРЛҮГҮЛОВА, аудандық білім бөліміне қарасты психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің психолог маманы.

### МАЛ ТӨЛДЕТУ – ЖАУАПТЫ НАУҚАН

## Қой қоздап, қорада шу



Халқымыз әу бастан бір-бірімен амандасып, саулық сұрасқанда, ең алдымен «Мал-жаның аман ба?» деп сұраған. Осының өзі-ақ қазақтың өмірінде, күнделікті тұрмыс салтында төрт түліктің маңыздылығын көрсетіп тұр. Кең далада мал баққан шаруа үшін төрт түліктің амандығы мен жаңа туған төлдің жағдайы қашанда басты назарда болған. Абай атамның өлеңінде айтылғандай, қой қоздап, түйе боздап, қорада шу болып жатқан қауырт кезең. Төрт түлік төлдеп, мал басы көбейетін уақыт.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Мал төлдету науқаны – малшы үшін ең қиын да, жауапты кезең. Шопандар «қойым егізден қоздасын» деп тілесе, сақманшылар түн ұйқысын төрт бөліп, алынған төлдің аман қалуы үшін жанталасады. Себебі, әрбір төл – ертеңгі күннің берекесі. Мал төлдету науқаны малшы қауымы үшін аса бір жауапты кезең болып есептеледі. Себебі, қазақ жаздың аптап ыстығы мен қыстың қытымыр аязына қарамастан,

өзінен гөрі малдың жайын көбірек ойлап, мал басын көбейту жолында тынымсыз еңбектенеді.

Бұл ретте, бүгінде аудан бойынша төрт түліктен өсім байқалады. Биылғы жылы мал шаруашылығы бойынша тіркелген мүйізді ірі қара саны – 29509 бас, қой ешкі – 262722 бас, жылқы – 19050 бас. Жалпы алынған бұзау – 5034 бас, қозы-лақ – 34755 бас. Қой өсіріп отырған шопандар сақпанды аяқтауға жақын. 189155 бас саулық Мойынқұм, Көделі, Шәйхана, Қаратау-Күйік, Ақшалақ-Жасөрген, Үлкен Бурыл және ауылдағы мал жайылымдарында қоздап, төл саны 41132 басты құрады.

→ 2



# ЖАНҒА ЖАЙЛЫ САЯБАҚ

## Мәдени-демалыс кешеніне 400 түп терек отырғызылды

Мемлект басшысының тапсырмасымен бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Аса ауылындағы Мәдени-демалыс кешеніне 400 түп терек отырғызылды.

Аудан тұрғындарының экологиялық жауапкершілігін және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін дамытуға бағытталған шараны аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы ашып, өткен жылы ел игілігіне берілген кешенді алдағы уақытта саябаққа айналдыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, болашақ игілігі үшін көгалдандыру жұмыстарын қазірден бастап жүйелі түрде жүргізу маңызды екенін жеткізді.

Шараға аудандық мәслихат, «Аманат» партиясы аудандық филиалының өкілдері, ардагерлер және түрлі мекеме қызметкерлері



қатысып, кешен айналасын жасыл желекпен жайқалтты.

Өңір басшысы аға буын өкілдері

мен жастар сенбілікте табиғатқа деген жанашырлықтың мәнін іс жүзінде дәлелдегенін айтып, мекеме қызметкерлерінің белсенділігін де жоғары бағалады.

«Шұғыла»-ақпарат.

## КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Дүйсенбі күні аудандық «Жастар ресурстық орталығында» облыстық қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев ашып, жүргізген жиынға облыстық қоғамдық кеңестің хатшысы Жанар Орынбаева, кеңестің білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жастар саясаты және қоғамдық даму жөніндегі комиссиясының төрайымы Сұлұшам Құрманбекова және өзге де кеңес мүшелері қатысты.

## ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – АУДАНЫМЫЗДА



### Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Көшпелі отырыста Жамбыл облысының өңірлік трансплантологиялық үйлестірушісі, облыстың бас нефролог-дәрігері Аягөз Баймұратова күн тәртібіндегі бірінші әрі өзекті мәселе – трансплантацияны дамыту мәселелері бойынша баяндама жасап, мән-жайды тарқата түсіндірді.

– Осыдан он шақты жыл бұрын елімізде қолға алынған алғашқы ағза ауыстыру операцияларын ел-жұртқа сүйіншілегеніміз есте. Осы аралықта отандық трансплантологтар жақсы тәжірибе жинақтап, талай науқастың

донордан ағза ауыстырып салса, бұл соншама адамның өмірі мен отбасылық бақытын сақтап қалуға септігін тигізіп жатыр. Министрлік тарапынан салалық және өңірлік донорлық бағдарламаларды әзірлеу мен енгізу, донорлық ұйымдар желісін ұлғайту, трансплантация үйлестірушілері мен трансплантолог дәрігерлер даярлау, осы салада зерттеулер жүргізу, инновациялық технологияларды әзірлеп, оны өңірлерге тарату, халықтың барлық тобы арасында ағза донорлығын дамыту мәселелері бойынша кен ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуі халықты тиімді трансплантологиялық көмекпен қамтамасыз етуге жол ашпақ.

Сөз соңында айтарым, еліміздің

Соңы. Басы 1-бетте

## Қой қоздап, қорада шу

Қазақта «Қой шелді болмай, төлді болмайды» деген сөз бар. Осы кезеңде қыс бойы жақсылап қарағанының арқасында төрт түлік мал қонды болады. Бұл да

малдың төлдеуіне елеулі әсер ететіні анық. Шаруалар науқанға жан-жақты дайындық жүргізіп, қызу жұмысқа сақадаң сай отырды. Мал төлдейтін орындарға

жеткілікті көлемде жем-шөп жеткізілді. Соның арқасында төл шығыны болмады. Малдың күйі оңды. Жем-шөп тапшылығы жоқ.

ТІРШІЛІК КӨЗІ

## КАНАЛДАР БЕТОНДАЛУДА

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Айшабибі ауылдық округінде орналасқан «Исмаил» магистральды каналының жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Ұзындығы 10 шақырымды құрайтын нысан 1454 гектар егістік алқапты сумен қамтамасыз етеді.



Жұмыс барысымен танысқан аудан әкімі мердігер ұйымға құрылысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Өңір басшысының айтуынша, бұл жоба ауыл шаруашылығы үшін аса маңызды.

– Әрбір атқарылып жатқан жұмыс сапалы болуы тиіс. Белгіленген талаптарды сақтап, құрылысты уақтылы әрі жауапкершілікпен аяқтау қажет, – деді Ерлан Қыдыралыұлы.



### Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Қазіргі таңда жоба «Еуропалық даму және қайта құру банкінің» қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде каналдың 9,2 шақырымы бетондалуда. Құрылысқа қажетті материалдар толық жеткізіліп, жер жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сондай-ақ арнайы техникалар жұмылдырылған.

Жалпы, 2026 жылы аудан көлемінде «Еуропалық даму және қайта құру банкінің» несиесі қаражаты есебінен ұзындығы 67,5 шақырымды құрайтын 12 су шаруашылығы нысанын бетонду жоспарланған.



өмірін ұзартқанымен, қай елді алсақ та, мәйіттің донор мен ағза алмастыруға қатысты мәселе әлі де бар және бола да бермек. Бұл бір жағынан діни ұстанымдардан туындайтын шарттар болса, келесі қыры медицина мүмкіндіктері мен трансплантологиялық технологиялардың дамуына тәуелді.

Қалай десек те, аяқастынан апатқа ұшырап, көз жұмғандардың, яки кенеттен қайтыс болған жағдайда жақынының рұқсатымен өз ағзаларын өзгелерге мұраға қалдыратын заңдары реттелген, жұмыс істеп тұрған мемлекеттер бар. Донорлық ағзаны пайдалануға қатысты заң елімізде де аз пікірталас тудырған жоқ. Алайда жұрттың пікірі екіге айырылып отырғанда елімізде мыңдаған адамның ресми түрде ағза ауыстыруға мұқтаж және өмір мен өлімнің ортасында жатқанын айту керек. Бұл – шұғыл бүйрек, бауыр, жүрек немесе өкпе трансплантациясын күтіп жүрген біреудің әкесі, енді біреудің көзінің ағы мен қарасындай жалғыз.

Ағза донорлығы бойынша көшбасшы елдердің озық тәжірибесі көрсеткендей, қайтыс болғаннан кейінгі донорлықтың қозғаушы күші – трансплантация жасауға кәсіби даярланған үйлестірушілердің дамыған желісі. Елімізде қазіргі таңда трансплантологияның күрделі бағыты көзі тірі кезіндегі донорлықты дамыту болып отыр.

Отандық хирургтар соңғы 10 жыл ішінде 2000-нан астам тірі

әрбір азаматы қайтыс болғаннан кейінгі ағза ауыстыру бойынша көшбасшы бері алады. Бас тартуға да құқы бар. Қазір мұны электронды форматта жүзеге асыруға болады. Egov.kz порталында «Трансплантаттау мақсатында ағзалардың, тіндердің қайтыс болғаннан кейінгі донорлығын тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу» бойынша автоматтандырылған қызмет енгізілді. Әрбір азамат электронды қолтаңба арқылы порталға кіріп, келісетінін немесе келіспейтінін білдіреді, – деген Аягөз Оразбекқызы мәселеге қатысты қойылған сұрақтарға тұщымды жауап берді.

Соңынан облыстық қоғамдық кеңестің хатшысы Жанар Орынбаева бастаған топ жергілікті тұрғындарға қабылдау өткізді. Оларды жеке сұрақтарымен қабылдап, көтерген мәселелеріне назар аударды. Олар өз кезегінде коммуналдық тарифтерді әділетті төлеу, өңірдегі денсаулық сақтау ұйымдарын қажетті құрал-жабдықтармен қамту, тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету секілді мәселелерді айтып шағымданды.

Ол күні облыстық қоғамдық кеңестің мүшелері Жамбыл ауданы әкімдігінің денсаулық сақтау, білім беру, дін істері, сәулет және құрылыс, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі салаларына қоғамдық бақылау жүргізіп, нысандардың жай-күйіне назар аударды.

ӨНЕГЕ



**Баршаға белгілі, мәдениет пен өнер – рухани жаңғырудың сенімді тірегі, ортақ игіліктерді ұлықтап, ұлтты ұлы істерге ұйыстырудың бірегей тірегі. Бүкіл халық болып дәріптейтін дүниенің бәрі ұлттық мәдениеттің құндылықтарынан бастау алады. Сол өнер мен мәдениеттің мәйегі үзілмесін деп қоғамдық-мәдени шаралардың басы-қасында қарттар жүрсе қандай ғанибет! Осыдан барып өнерді қадірлеген ақылман ақсақалдар барда Жамбыл бабамыз тінін жалғаған дәстүрлі дала мәдениеті дами береді деген ой келеді.**

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Біз – аталы сөзбен есейген, ата батасымен көсегеміз көгерген халықпыз. Үлкендер жүріп өткен ізгілік жолын қашанда үлгі тұтамыз және елдік істерін лайықты жалғастыруға мүдделіміз. Аудандағы қоғам өмірінің барлық саласына араласып жүрген аға буын өкілдеріне ризашылығымыз шексіз. Ардагерлер барда тәлім-тәрбиенің тал бесігі тербетіліп, өнеге жолы ескірмейтіні ақиқат. Алдыңғы толқынның өркенді істерін көрген өскелең ұрпақ ертеңгі күні қоғамды дамытуға құлшыныспен үлес қосатынына сенім мол.

Өңірімізде бірнеше жылдан

бері әнші әжелерден құралған өнер топтары бар еді, енді бұған өткен жылы асалық аталар ансамблі қосылды. Дәстүрлі «Ауылым – алтын бесігім» өнер фестивалінде алғаш рет сахнаға шығып, аудан орталығы тұрғындарының алдында әуелетіп ән салған өнерлі аталар тобының жетекшісі – Аса ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Дәнешбек Исаев. Ансамбль құрамында Ақан Сыдықов, Тағайбек Тәжімбетов, Сембек Пірімқұлов, Шалдарбек Сейіткасымов, Нұрқабидулла Әміров, Мұрат Нұралиев, Еркін Алиев, Әлім Нұрпейісов есімді уақытында түрлі салаларда еселі еңбек етіп, абыроймен зейнет демалысына шыққан азаматтар бар.

Алғашқы өнер сайысында-ақ үздік атанып, қорытынды концертте

көпшілік көзайымы ретінде арнайы сертификат алған аталар бірден ізденіс жолына түсті. Репертуарын байытуға, ансамбль құрамын толықтыруға ден қойды. «Ел іші – өнер кеніші» деген ардагерлеріміз толық құраммен халық әндеріне қоса сүйікті сазгерлердің шырайлы шығармаларын кемеліне келтіре орындайтын күн алыс емес.

Асалық бұл ардагерлер ән айтудан бөлек, аудандық мәдениет үйі мен өнер мектебінде, тарихи-өлкетану музейі мен орталық кітапханада, спорт кешенінде ұйымдастырылатын мәдени-көпшілік, әскери-патриоттық, тарихи-танымдық, спорттық шаралардың барлығына қатысып жүр десек, артық айтқандық емес. Дәл қазір де көктемгі тал егу акцияларының, тазалық және абад жұмыстарының бел ортасында жүр.

– Жас келді деп қарап отырмай, өңіріміздің өркендеуіне, ұлттық өрлеуге, мәдениет пен өнердің өрістеуіне үлес қоссақ деген ниет біздікі. Ардагерлеріміздің денсаулығы мықты, қоғамдағы орны биік тұғырда, тұрмыстағы орны төрде болса екен деп тілеймін, – дейді Дәнешбек ата Исаев.

Ардагердің тілегіне біз де қосыламыз.

РУХАНИ АЗЫҚ

**Рухани дүниенің кәусар көзі – кітап. Ол ой-сананы байытып, жүректі тәрбиелейтін, жанға азық беретін айна іспетті. Кітап арқылы адам өмірдің қыр-сырын терең түсініп, жақсы мен жаманды айыруға, әр әрекет пен сөздің мәнін бағалауға үйренеді. Әр бетінде ой мен сезімнің сыры, әр жолында өмірлік тәжірибе мен даналық жатса, оны оқыған жан өз көкжиегін кеңейтіп, әлемге көзқарасын байытып, бөлашаққа сенімді қадам басатыны бесенеден белгілі...**

**Зерек ұрпаққа жол сілтер зерделі туынды**



Аружан КҮНТУБАЙ

Осы орайда өткен жұма күні аудандық орталықтандырылған кітапханада елорда төрінде «Тәтті ертегі» жобасы аясында жарық көрген жергілікті ақын, журналист Байтанағали Төлентаевтың «Шахматшы Қонжық» атты суретті кітабының алғашқы таныстырылымы өтті.

Аудандық орталықтандырылған кітапхананың директоры Аида Қалисаева басқосуды ашып, қатысушыларға ізгі тілегін білдірді. Жоба авторы кітапхана қорына жана туындыны табыстап, осылайша кітапхана қорының көбеюіне өз үлесін қосты.

Астана шаһарынан арнайы ат арытып келген «Тәтті ертегі» жобасының жетекшісі, лингвист-педагог Лариса Алдаберген жобаның мән-маңызына кеңінен тоқталды. Ол балаларға арналған тұңғыш туынды – «Шахматшы Қонжық» ертегісінің мазмұндық ерекшеліктерін тарақтып айтып, оның тәрбиелік хәм танымдық тағылымын жан-жақты баяндады.

Айта кету ләзім, бұған дейін дәл осындай тағылымды жиын Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында өтіп, аталған кітаптың ресми тұсаукесері ұйымдастырылған болатын. Бұл шараға ұстаздар қауымы, ата-аналар, кітапхана қызметкерлері, білім саласының мамандары мен жас оқырмандар қатысып, рухани дүниеден нәр алған еді.

Бүгінде «Тәтті ертегі» жобасы қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге көтеріліп отыр. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында Швейцарияның Берн хәм Германияның Берлин шаһарларында жобаның халықаралық таныстырылымдары өтіп, оның мәдени-ағартушылық әлеуеті шетел жұртшылығына кеңінен паш етілді.

Кездесу барысында жобаның тұжырымдамасы, мақсат-міндеттері және қазақ тіліндегі сапалы балалар әдебиетін қалыптастыруға бағытталған мазмұндық сипаттары кеңінен сөз болды. Жоба аясында аталған туынды 4-12 жас аралығындағы балаларға арналған. Бұл заманауи шығарма бала тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтуге, эмоциялық мәдениетін қалыптастыруға хәм ізгі қасиеттерді бойына дарытуға бағытталған.

Жоба жетекшісі Лариса Алдаберген өз сөзінде:

– Жобаның бастау алуына бір ғана баланың «Анашым, маған ертегі оқып берші» деген кіршіксіз тілегі түрткі болды. Зерттеу барысында балалар оқып жүрген ертегілердің басым бөлігі өзге тілдерден аударылғаны белгілі болды. Осыдан кейін қазақ тілінде жазылған, ұлттық болмысы айқын жаңа ертегі қажет деген байламға келдік. Сөйтіп, ақын әрі журналист Байтанағали Төлентаевтың туындысы назарымызға ілігіп,

ата-аналармен кеңесе келе, жана кейіпкер шахматшы Қонжықты балалар әдебиетіне енгізуді жөн санадық, – деп атап өтті.

Кітаптың көркем безендірілуіне алты ай уақыт жұмсалған. Суретші Жаная Дамыс әрбір кейіпкердің кескін-келбетін бала қиялына қонымды етіп сомдаған. Жоба екі жыл бойы сараптамадан өтіп, Оқу-ағарту министрлігінің қосымша білім беру департаменті мамандарының талқылауынан өткен.

Аталмыш игі бастама «Тәтті ертегі» жобасының серіктестері – халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Астана қалалық филиалы, халықаралық түркі тілдес мұғалімдер ұйымы және «Тәп-тәтті» кондитерлік желісінің қолдауымен жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда кітап 30-дан астам білім беру ұйымының оқу үдерісіне енгізілген.


Жоба авторлары шахматты тек ойын яки спорт ретінде қарастырмау керек екенін, баланың стратегиялық ойлауын шыңдайтын, сабырын саралайтын, жауапкершілік жүгін сезіндіретін әрі байыпты шешім қабылдауға баулитын манызды құрал ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақтың оқу мәдениетін қалыптастыруға хәм зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған құнды еңбек десекте артық айтқандық емес.

2024-2025 жылдары жоба Астана, Шымкент қалалары мен Түркістан және Жамбыл облыстарын қамтып, 2000-нан астам бала, ата-ана және педагогтің қатысуымен жүзеге асырылған.

Шара барысында «Шахматшы Қонжық» суретті кітапшасының авторы, жергілікті танымал ақын Байтанағали Төлентаев шығарманың жазылу тарихын айтып, тыңдарманға сыр шертті.

Сонымен қатар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков, аудандық Билер кеңесінің төрағасы Батырбек Саршаев, «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және Отандастар қоры» фронт-офисінің директоры Сембек Пірімқұлов, ардагер ұстаз Сәрсембай Күзербаев, кітапхана оқырманы Қайрат Отарбаев және өзге де қатысушылар сөз сөйлеп, кітаптың сәтті шыққанын тілге тиек етіп, жоба жетекшісі мен авторға ақжарма тілектерін арнады.

Іс-шара соңында еңбек ардагері, жергілікті қаламгер Төлеген Байсүгіров «Тәтті ертегі» жобасының жетекшісі Лариса Алдабергенге ақ батасын беріп, игі бастамаға береке тіледі.



БАЙҚАУ

**ЖАСТАР ЖЫР ЖАУҒАРЫН ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖЕТКІЗДІ**

**Кешегі кемеңгер қауымнан қалған рухани азынаны бүгінгі жас буынның кеудесіне аманат етіп дарыту – елдік мұраттың ең асылы, ұлт ұстынының ұлы парызы. Осы ретте кітапқа іңкәрлік сезімін оятып, жас өрнеңнің жан сарайын нұрландырып, зердесіне сәуле құятын «Оқуға құштар жүрекер» атты облыстық бәйгенің мәні бөлек, маңызы ерек.**

Аружан КҮНТУБАЙ

Жас буынның кітапқа деген ықылас-ыждағатын оятып, оқу салтын орнықтыруды мұрат еткен, мазмұны терең, тағылымы мол рухани-танымдық бәйге «Жыр мен білімнің қос шыңы: Ыбырай мен Мұқағали» атты айшықты тақырып аясында қанат жайды. Бұл игі бастама ұлт руханиятының қос алып тұлғасы, ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдық мерейтойы мен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналды. Ақпан айында өткен аудандық іріктеуде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озған он үміткер облыстық додаға жолдама алып, білім мен өнер аламында бақ сынасуға мүмкіндік алды. Облыстың әр қиырынан жиналған талапты жас өрендер әдебиетке деген ынта-ықыласын, өнерге деген іңкәр көңілін паш етіп, өзара бәсекеде таным көкжиегін кеңейте түсті.

Бәйге үш кезең бойынша өтті. «Әдебиетпен өрілген өз әлемім» бөлімінде қатысушылар кітап арқылы

қалыптасқан ішкі әлемін танытса, «Поэзия мен парасат тұғыры» кезеңінде жыр жауһарларын жүрекке жеткізе оқып, сөз күдіретін сезіндіре білді. Ал «Білім белесі» сынында олардың зеректік қабілеті мен таным-түсінігі сын тезіне түсіп, таразыға тартылды.

Сайыстың төрелігін таразылаған қазылар алқасының құрамында балалар жазушысы, журналист, қазылар алқасының төрағасы Марат Құлибаев, жас ақын, Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының баспасөз хатшысы Ғалия Аблай мен Ғ.Мұратбаев атындағы №17 орта мектептің директоры Сәбит Кенесариев талапкерлердің өнері мен білімін ескеп, әр үміткердің қарым-қабілетіне таразы ұстап, әділ төрелік танытты.

Қазылардың сарабал шешімімен бас жүлде ауданның абыройын асқатқан Дамира Желеубайға бұйырды. Бірінші орын таластық Махмет Хидировтың қанжығасына байланса, екінші орын байзақтық

Боранбек Батырханға тиесілі болды. Үшінші орынды сарысулық Инабат Даниярбек пен шулық Сұлжан Анарбек өзара бөлісіп, өзге қатысушылар ынталандыру сыйсыпаттарына ие болды.

Іс-шара барысында «Жыр мен білімнің шыңы» атты кітап көрмесіне кеңінен шолу жасалып, көпшілікке рухани қазынаның мол мұрасы ұсынылды. Сонымен қатар, мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру орталығының өнерпаздары әуелете ән шырқап, күмбірлеген күй төгіп, мың бұралған биімен көрерменнің көңілін тербеді.

Байқау жеңімпазын биік белестерге жетелеген аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы Ғалия Отарбаева мен үйірме жетекшісі, ақын Әсел Назаралы облыс әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ерлан Жүнісбайдың Алғыс хатына ие болып, еңбектері еленді.



ТҰРСЫНХАН МҮСІРӘЛИЕВ – 90

# Елі ұлмытпас Ерен еңбегін



**Бүркітбай ЖАМАНБАЕВ,**  
Жамбыл ауданының  
Құрметті азаматы, еңбек  
ардагері.

Ол кезде өзгелерден өзінің ұйымдастырушылық қасиетімен ерекшеленген Тұрсынхан Мүсірәлиевтің есімі ерекше аталатын. Оның жұмысшыларға деген ілтипаты мен ізеті, қамқорлығы мен жанашырлығы, жұмысты тиімді ұйымдастыра білуі нағыз басшыға тән тұлғалық қелбетін көрсетіп тұратын. Керек кезде жұмысшыларға ұрысып та, мақтап та алатын. Кіммен қалай мәміле жасауды жақсы білетін. Көз көрген ағаны бір сәт еске алып, естелік жазуды жөн көрдім. Өскелең ұрпақ оқысын, білсін. Алдыңғы буын ағалардың жүріп өткен жолынан хабарлар болсын. Үлгі алын деген ниетпен.

Тұрсынхан Мүсірәлиев 1936 жылы наурыз айында Тараз қаласында өмірге келген. Қазақ ауыл шаруашылығы институтын бітірісімен 1957 жылы Жамбыл аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып еңбек жолын бастаған. Аталған аудандық партия комитетінің хатшысы, Оңтүстік Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, Оңтүстік Қазақстан өлкелік комсомол комитеті бірінші хатшысының көмекшісі қызметтерін

**1970 жылдар киелі Жамбыл өңірі үшін жемісті әрі жеңісті кезең етін. Берекелі де мерекелі жылдар болатын. Ауыл шаруашылығындағы жиын-терін рекордтық көрсеткішке жетіп, халық шаруашылығы жоспары артығымен орындалатын. Жаз айының күні-түні егістік басында тер төгетін еңбек адамдары ерекше құрметтелетін. Басшылық тарапынан олардың еселі еңбегі лайықты бағаланып, жақсы ынталандырылатын.**



Ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің председатели Шоқытбаев Тұрсынхан Мүсірәлиевке ауыспалы Қызыл Ту тапсыруда

1965 жылға дейін атқарған. Ал 1965 жылы облыстық партия комитетінің нұсқаушысы қызметінде болған. 29 жасында партияның күші

жүріп тұрған шақта облыстық деңгейдегі мұндай жұмысқа бару, арда азаматтың алғырлығы мен сауаттылығын көрсетсе керек. Ол

кезде көзге түскен сапалы кадрларды Жоғарғы партия мектебіне жіберіп, шындайды. Аталған Жоғарғы партия мектебін екі жыл оқып келген Мүсірәлиев қызметтің келесі сатыларында еңбек етті. Облыстық партия комитетінің лекторы, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты партия комитетінің хатшысы, Ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы директорының орынбасары, Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары. Осы қызмет жолдарынан өткеннен кейін ғана 1973 жылы 37 жасында Жамбыл ауданының «Аса» кеңшарына директор қызметіне жіберілді. Бұл партияның үлкен сенімі еді. Себебі, аумағы үлкен, сан салалы тірлігі бар шаруашылыққа басты болу – өте жауапты жұмыс. Ол уақытта кеңшарға абыройлы директор болған басты шындалған, тәжірибелі маман болып саналады.

Арада үш жыл өткенде, қамал бұзар 40 жасында Тұрсынхан Мүсірәлиев Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Он жыл бойы аталған ауданды абыройлы басқарып, әлеуметтік-экономикалық жағын едәуір көтеріп, көзге түсті. Елуді еңсерген шағында Луговой (қазіргі Т.Рысқұлов) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне жіберілуі де бекер емес. Табан аудармай 15 жыл ішінде екі ауданды

басқаруы – оның үлкен іскерлігі мен табандылығын, партия жұмысында үздік кадр болып қалыптасқанын көрсетті. Қай жауапты жұмысқа барса да, қызметті көтеріп тұрды.

Ол 1973 жылы «Аса» совхозына басшылыққа қызметке келгенде мен шаруашылықта көлік жүргізушісі болып жұмыс істеймін. Алтын орақ кезінде жиын-терінге белсене қатысып, дихандармен бірге астық жинайтынмын. Бір өзін 15 тоннадан астам астықты тасымалдайтынмын. Тұрсынхан аға жұмысқа пейіл бергенімді, еселі еңбегімді көріп, ризашылық кейіп танытатын. Бейнеткер деп білетін.

Әлі есімде, 1975 жылдың тамыз айы. Жинаған астығымыз белгіленген межеден асып, бүкіл ұжым болып қуандық. Өзім ағаға жолығып, астықты біреу қолды қылып етпеу үшін жақсылап қарауылдау керектігін жеткіздім. Сөзімді құптады. Ертересіне қолыма бесауыздық мылтық берді. Аң-таңмын. Жақсылап қарауылда, дихандардың ерен еңбегі еш кетпесін деді. Ағаның сөзін екі етпедім. Науқан аяқталғанға дейін күндіз көлік жүргізіп, түнде қырманда астықты күзеттім. Еңбегім еленіп, ағаның алғысын алдым. Қызметтен көтеріліп кетер алдында өзіне шақырды. Жоғарылап бара жатқанын, ауданда басшылық қызметте болатынын айтып, жұмысыма сәттілік тіледі. Ағаның ризашылығы болар, содан кейін 10 жыл қатарынан Социалистік жарыстардың жеңімпазы, Алтын орақтың чемпионы, көлік жүргізушілері арасында «ең үздік көлік жүргізушісі» атандым. Түрлі марапатты иелендім. Бірқатарын ағаның өзі табыс етті.

Расында Тұрсынхан Бейсебайұлы – тау тұлға. Ол туралы естелік айтқысы келетін кісілер де өте көп. Себебі кісілік болмысы, ұзақ жыл қызмет жолындағы адалдығы оны биіктетіп тұрады. Ондай асқар таудай кісіге деген құрмет те биік болуы керек. Көзі тірі болғанда 90 жасқа толып, ортамызды толтырып отырар еді. Жергілікті жұрттың жүрегінен ерекше орын алған белгілі тұлға жайлы естелік мұнымен толастамайды. Алдағы уақытта да бұл кісінің жақсылығын еске алатындар болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

## Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қарасты Тоғызтарау ауылдық клубының үйірме жетекшісі (1 бірлік) бос лауазымына конкурс жариялайды

**Кәсіпорынның атауы:** Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

**Орналасқан жері:** пошталық индексі 080200. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №157-үй, тел.: (872633) 2-15-29; 2-24-34.

**Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты:** Әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге жағдайлар жасау, халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру, кәсіби көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру, халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, ҚР заңнама талаптарына сәйкес ақилы қызметтер көрсету болып табылады.

**Үйірме жетекшісінің лауазымдық міндеттері:** (КР Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығына сәйкес) үйірме жұмысын ұйымдастырады. Үйірмеге қатысушылардың уақыт-ын тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді. Мәдени-демалыс ұйымдарының репертуарын қалыптастыруға қатысады; қажетті музыкалық материалдарды таңдайды; мамандардың кеңестерін ұйымдастырады; шығармашылық одақтармен, орындаушылармен, композиторлармен, авторлық құқықтарды

қорғау жөніндегі органдармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады; шығармашылық өтінімдерді қарастырады, олар бойынша қорытындылар береді; жаңа туындыларды, жаңа орындаушыларды талқылауды ұйымдастырады, оларды шығармашылық ұжымның жаңа бағдарламаларына енгізуге ұсыныс жасайды; жаңа шығармаларды жасау немесе сатып алу шарттарын дайындайды; авторлардың шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді; жарнамалық материалдарды редакциялайды және олардың шығуын қадағалайды; баспасөзбен байланысты жүзеге асырады, ұжымның шығармашылық өмірі туралы ақпараттық материалдарды дайындайды және жариялауға тапсырады.

**Біліуі тиіс:** Конституцияны; Еңбек кодексінің, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Жарнама туралы», «Мәдениет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; орындаушылық өнер ұйымдары қызметінің бағытын, музыкалық өнер тарихын, музыкалық теория мен аспаптану негіздерін, классикалық және заманауи музыкалық репертуарларды, кәсіби оркестрлеу, өңдеу тәсілдерін.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I

санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және мәдениет немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және мәдениет немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және мәдениет немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және мәдениет немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақысы білімінің деңгейіне және жұмыс өтіліне сәйкес 100000 теңгеден жоғары. Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» №1017 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне, сондай-ақ республикалық enbek.kz интернет-сайтында жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:** Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй, тел.: 8 (72633) 2-15-29; 2-24-34.

**Мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын

құжаттың көшірмесі;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақ (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;

5) еңбек кітапшасы (ол болған кезде);

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынылған және т.с.) бере алады.

**Құжаттарды қабылдау аяқталатын күні:** 2025 жылдың 22 сәуірі.

**Конкурстың өтетін орны:** Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №157-үй.

**Осы лауазымға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.**

**ШҰҒЫЛА-RADUGA**  
МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС  
Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ  
Қабылдау бөлмесі: 2-17-98  
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

**Бас редактордың орынбасары:** Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177  
**Тілшілер:** Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395  
Құрбанәлі Шахабай 87788758489  
Жұматай Көксубайұлы 87088419629  
Галия АЛИЕВА 87075853423  
**Дизайнер-теруші:**  
**Бас редактордың орынбасары:** 2-20-24  
**Тілшілер:** 2-13-44  
Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.  
Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.  
Таралымы 3064 Тапсырыс №244  
Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады.  
Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.  
Индекс: 68991  
Электронды пошта: sugyla@bk.ru  
Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.